

## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Себеп және қажеттілік: Лир патша  
және аристократияның дағдырысы





**Мақсаты:** Розали Колидің Шекспирдің «Лир патша» трагедиясын мысалға алып, тарихи тәсіл арқылы көркем шығарма талдауын қарастыру.

**Тірек сөздер:** тарих, аристократия, буржуа, мұрагерлік, ахлақ.

Сіздермен америкалық ғалымдар Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» атты антологиясымен таныстығымызды ары қарай жалғастырамыз. Бүгін Шекспирдің «Лир патша» трагедиясын мысалға ала отырып, көркем шығармаларды талдауда қолданылатын тарихи тәсілге сипаттама бергелі отырмыз. Бұл талдауды Розали Коли жасаған болатын. Көптеген зерттеушілер оның жұмысын дәстүрлі әдеби историографияның керемет үлгісі деп бағалаған.

Розали Коли Шекспирдің пьесасын сол тұстағы тарихи ахуалмен байланыста талдайды. Бұл кезең – аристократияның құлдырау дәуірі еді. Себебі XVI ғасырдың аяғы XVII ғасырдың бас тұсында меркантилді әлеуметтік тап – буржуа қалыптасты. Аристократия қол астына тартып алынған жерлер мен оған төленетін салық есебінен өмір сүрсе, буржуа – өздері жұмыс жасап, ақша табушы кәсіпкерлер, салық төлеушілер, банкирлер, саудагерлер мен шағын өнеркәсіп иесі болатын. Мұрагерлік заңымен көптеген аристократтар жерсіз қалды, өйткені олардың мүліктері үйдің үлкен ұлына мирас болып қалатын. Бұл аристократтардың экономикалық жағдайының нашарлауына сеп болды. Ал буржуазия өкілдері өздерінің мәртебесін жоғарылатып, мадақ-даңқ иемдену үшін барынша талпынатын. Аристократияның әлеуметтік билігі күн өткен сайын әлсіреп, тұрақсыздана берді.

Розали Коли сол тарихи контекстің пьесада көрініс табуына талдау жасап, кейбір әлеуметтік күрделі жағдайларды Лир патшаның бейнесімен салыстыра отырып, көрсетуге тырысты. Сол замандағы Англияның танымал тарихшысы Лоуренс Стоун өзінің «Аристократияның дағдырысы, 1558–1641 жж.» атты еңбегінде аристократияның ағылшын қоғамында мәртебелі рөлін сақтап қалғанымен, өздерінің маңыздылығын төмендетіп, рыцарлық және феодалдық топтар, әскери қызметі мен ар-намыс кодексі, жалпы өмір сүру ережелері тұрғысынан біршама өзгеруге мәжбүр болған қиын-қыстау кезеңге тап болды деп жазады. Рыцарлық әлдеқашан ұмыт болған, жерлер тек үлкен ұлдарға мирас болған кезеңде өздерін әлеуметтік, саяси және экономикалық жағынан қайтадан жандандыруға мәжбүр болған аристократиялық отбасылар пайда болды. Біреулері өздерін мемлекетпен теңестірді. Ағылшын ақсүйектері, олардың еуропалық туыстары секілді мемлекеттің орталықтануының кесірінен қиындыққа ұшырады. Монарх билігінің күшеюі аристократ-рыцарларды кез келген жолмен болса да, қарусыздандырып тастады. Мәселен, дворяндар сарайда өмір сүру және мемлекеттің бюрократиялық басқару органына кіру үшін қарулы құлдарының санын азайтуға мәжбүр болды. Сөйтіп монарх тарапынан қауіп төнген кезде өз құқықтарын қорғайтын «күзетінен» айрыла бастады. Енді дворяндар әскери қызметке емес, гуманитарлық білім мен меценаттылыққа тәрбиелене бастады. Соның салдарынан әйелдердің қоғам өмірінде, әсіресе, сарайдағы рөлі жоғарылай берді.

Дворяндықтар өздерін басқалардан ерекшелеудің тағы бір жолын тапты. Ол – сырт киім болатын. Лоуренс Стоунның айтуынша, адамдардың бақуатты екенін дәлелдеудің бір жолы – қалтаға ақша толтырып, оңды-солды шашу, сәнді киіну және сауық-сайран құру.

Аристократиялық отбасылардың кедейленуінің қалыпты себебі – ақшаны оңды-солды шашу. Сәнді киім сыншылары «еректер жерді иығында тасып жүр» деп сынаған. Алайда еректердің өздерін басқалардан ерекшелеудің бұл тәсілі аристократияны төменгі әлеуметтік таптардың көшіріп, еліктеуінен құтқарып қала алмады (құрметті отбасынан шыққан әйелдер буржуа капиталдарының әжуасына ұшырады).

Аристократия өздерін басқалардан ерекшелеп отыратын атрибуттар мен костюмдер ойлап табуы керек болады. Әлеуметтік мәртебе мен ар-намыс экономикалық тәсілдердің көмегімен де дәлелденді. Шеберлер, зергерлер, тігіншілер, жиһаз жасаушылар, архитекторлар т.б. Англияның аристократиялық өміріне қызмет етуге мәжбүр болды.

Аристократияның осы ерекшеліктері маңызды әрі айқын болғанына қарамастан, аристократтар тап болған қиындық тек бұл ғана емес-ті. Басқа да өзгерістер орын алды: біріншіден, Стоунның сөзіне сүйенсек, аристократтар арасында да әке билігі айтарлықтай құлдырап кетті.



Англияда ертеден қалыптасқан әкенің туған балаларына деген құқығы Қайта өркендеу дәуірінің небәрі жарты ғасырында өзінің мәртебесін мүлдем төмендетіп тастады. Былайша айтқанда, әкелер балаларының өмірі мен тағдырына араласу құқығынан айрылды. Заң негізінен, қыз балалардың жағына шықты. Әкелер балаларының бақуатты өмір сүруі үшін барын аямады: тұрмыс құрған не үйленген балаларына жомарттық танытып, барын үйіп-төкті. Ал бұл өз кезегінде сарайлар, иеліктердің байлығына, бақуаттылығына, қала берді қаржысына кері әсерін тигізді.

Әрине, Шекспирдің трагедиясында сол дәуірдегі ағылшын аристократиясының әлеуметтік жағдайы толыққанды сипатталды деп айтуға болмайды. Мәселен, пьесада дворяндықтардың күнделікті мәселесі – білімі, экономикалық мәселесі т.б. тікелей сөз етілмеген, жай жанамаланып айтылған. Тұлғалық және таптық ғұрыптардың өзара қарым-қатынасы Шекспирдің пьесасында бірінші орында тұр.

«Лир патшада» аспектілердің көптігі сонша, егер біреуін алып тастап, немесе қалт жіберсек, көпжақты семантикалық мағынасынан айрылып қалады. Пьеса – нағыз тарихи «дереккөз» болып саналады. Шынтуайтына келгенде, «Лир патша» әлеуметтік материал деп атауға болатын деректерді нақты бере алмаған; мәтіндегі кейбір сәттер жалпылама сипатталған, ал кейбір жайттар тіпті түпкілікті суреттелген.

Зерттеушілер «Лир патшаның» мазмұнына қатысты мәселелер көп, алайда оған пьеса нақты жауап бере алмаған деп жазады. Мәселен, пьесадағы оқиға әрі уақытта, әрі кеңістікте жұмбақ бейнеленген. Шындығында, пьесаға мұқият қараған сайын Л. Стоунның аристократия мәселесі туралы ойларын түсіне бастаймыз. Ғалым: «аристократиялық этика – мемлекетке ерікті түрде қызмет ету, жомарт қонақжайлық, айқын таптық айырмашылықтар, әлеуметтік тұрақтылық, тәннің күнәларына шыдамдылық таныту, мүмкіндіктердің тең болмауы, өзіне деген өркөкіректік сенім, қарамағындағы адамдарға және инфериорларға (төменгі топтар) қамқоршылық таныту, төменгі таптың кедейлігін қалыпты жайт деп тану» деп көрсетеді.

Осы құндылықтар жүйесі пьесада көрініс тапқан. Айталық, Кенттің патшаға қалтқысыз қызмет етуі – оның аристократиялық рухта тәрбиеленгенін дәлелдейді немесе басқа бір мысал: Глостердің қожайынының үлкенге дәрежелік көрсетпейтініне сенуі – қожайын мен қонақ арасындағы өзгермейтін қарым-қатынастарға деген сенімділігі: «Сендер – менің қонағымсыңдар» – дейді ол.

Мұрагерлікті бөлудегі теңсіздік мәселесі пьесада екі рет сөз етіледі. Біріншісі: Лир мұрагерін тағайындау мәселесін шешу үшін еркек кіндікті мирасқорын қатыстырмайды. Ол өзінің мемлекетін әйел мирасқорлары арасында теңдей бөліп, дау-жанжал, қақтығыс туындаудың алдын алады. Екіншісі: Глостер ескі аристократиялық нормалар шеңберінде «бірінші болып дүниеге келу доктринасын» (Л. Стоун атаған) ескермейді. Глостердің некесіз туған ұлы – Эдмундтың сөйлеген сөзінде оғаштық көрінбейді: ол әрбір адамның құндылығына әділеттілікпен қарап, некесіз туған ұлдардың төмендігіне қарсы шығады.

Сигурд Буркхард айтқандай, Лирдің өзінің және өзгенің сөзіне қалтқысыз сенуі – ескіріп қалған әлеуметтік әдеті.

Лир мен Глостер өздерінің ескі көзқарастары мен тұжырымдарының кесірінен бірнеше мәрте жазаланды деуге болады: екеуі де психологиялық құдалауға түсті, Глостер шындықты көре алмағаны үшін көзінен айрылса, Лир жақсы ата-ана болу дегеннің не екенін түсінбей кетті. Екеуі де өздерінің көзқарастары, бағалаулары мен қабылдауының трансформациясын басынан кешуде.

Лир, Глостер мен Кент – өтіп бара жатқан уақыттың аристократтары, олардың мәртебесі мен тәрбиесі, құндылықтар жүйесі Қайта өркендеу дәуірінде әжептеуір бұзылды. Шекспир ескі, рухани түсінік пен сұлулықты дәріптеп, оларды жаңа әлемге, жаңа көзқарастарға қарсы қойды. Розали Колидің ойынша: «адами рақымшылдық ескі, өтіп бара жатқан уақытқа тән, ал бейбастық – жаңа дәуірдің белгісі деп дөп басып айта алмаймыз. Басқа да ұлы пьесаларындағыдай, Шекспир «Лир патшада» әлеуметтік қақтығыстар мәселесін көтереді, бірақ не жаңа, не ескі өмір ережесін жеңіске жеткен деп есептемейді».

Розали Колидің айтуынша, Елизаветаның таққа отыруы мен Азамат соғысының басталуы арасында жойылып кеткен дворян отбасыларының саны өте көп болған. Ұлы отбасылар, әсіресе патшалар ұрпағының жалғасуына алаңдауы керек болатын, сондықтан еркек кіндікті



мұрагерлер мәселесі – өте өзекті болды. Лирдің еркек кіндікті мұрагері болмады. Ол мұрасын үш қызына теңдей бөліп беруді шешеді. Бұл ағылшын немесе француз дәстүрі емес, тіпті сол кезде қолға алынып келе жатқан дәстүр де емес еді. Лир патша сол дәуірдегі еркек кіндікті мұрагері жоқ дворяндар мен буржуалар жасаған әрекетті қайталады. Шекспир осы дереккөздерді басшылыққа ала отырып, Лирді өмірінің соңына дейін байлығынан бас тартпайтындай етіп сипаттады. Бұның себебі – өлгеннен кейін оның патшалықты теңдей бөлуі әрі қол астындағы халық үшін, әрі бенефициарлар үшін тиімді болатынына көз жеткізуі еді. Лир мұрасын көпшіліктің алдында ашықтан-ашық бөліп көрсетті. Сөйтіп болашақта орын алуы мүмкін қақтығыстарды «дәл қазір» болдырмауды көздеді. Макиавелли еркек кіндікті мұрагері болмаған жағдайда, саяси қақтығыстар туындауы мүмкін екенін жазады. Өзінің патшалығын бөлу барысында көпшіліктің келісімін алу арқылы ол кенеттен пайда болуы мүмкін туыстарының (мұрагерлер) жоқ екенін көрсетіп, көрегенділік жасады.

Розали Коли «Лирдің өз патшалығы туралы шешімі сол дәуірдегі аристократиялық мінез-құлыққа сай болды, әке қыздарының болашағын қамтамасыз ету үшін барынша талпынды» – деп жазады. Лирдің шешім қабылдауда қиналуы – оның тек әке ғана емес, бүкіл елдің патшасы болғанында еді. Алайда Лир өзінің күйін ерекше деп бағаламады. Өзінің патшалығын жеке жерім немесе иелігім деп қарау арқылы Лир бүкіл елін, халқын қиын жағдайға қалдырар еді. Лирдің патшалықты бөліп беруінен елдің тағдыры шешіледі. Пьесада Лир өз патшалығын жекеменшігі ретінде көргенде, қатты сынға қалары анық еді. Сондықтан Шекспир патшаның билеу мен басқарудың ескі тәсілі бойынша қатты қателескенін жазады.

Лир, пьесадағы басқа да дворяндар секілді, ескілікті, көне салт-дәстүрлерді қолдаушы болып сипатталуы тиіс еді. Оның өзі, қыздары мен елі туралы ескі нормалар бойынша ойланады: ол «өзінің атын және патшаға тиесілі бүкіл мүлікті сақтап қалуды көздейді». Тәжірибеде Лир өмірінің соңғы сәттерін қызметшілерінің арасында өткізіп, өзінің мәртебесін сақтап қалғысы келетіндей көрінеді. Өйткені қызметшілер – аристократтардың мәртебесі ғана емес, оның қорғаушы әскері болатын.

Розали Колиндің көрсетуінше, пьесаның терең тақырыптарының бірі – өзіне тиесіліні күткендерге көңіл бөлінуі. Лирдің өзінің мәртебесін қызметін басқаларға бергеннен кейін де сақтап қалғысы келгені – аристократиялық кодекс тұрғысынан дұрыс. Алайда жаңа фундаментализм тұрғысынан Гонерилья мен Регананың әкесінің қызметшілерін қысқартуға талпынысында да оғаштық көрінбейді. Елизавета Мария Стюартқа әскери күштің квотасын асыруға ешқашан рұқсат етпеген.

Лирдің қыздарының рыцарларға айтқан қарсы уәждері – орынды, заманға сай, өркениетті және оңтайлы болатын.

Гонерилья мен Регана әкесінің қызметшілерінің кесірінен туындайтын ыңғайсыздықтан ғана қорықпады. Олар әкесі мықты әскери күші болып тұрып, қыздарының ішкі пиғылын сезіп қойса, қарулы қарсылық білдіріп, рыцарларды өздеріне қарсы қояды деп қорықты. Олардың Лирді мәртебесінен айыруға тырысуы – бір бөлек, бірақ негізгі себеп мүлдем басқаша еді: Лирдің фракциясын құраған жүздеген рыцарларды жолдан құрту.

Десек те пьесада рыцарлар тек арагидік сөз етіледі; олар Лирдің көлеңке қызметшілері ретінде суреттеледі. Олардың пьесадағы рөлі мен іс-әрекеті айқын емес. Бұл жерде Розали Коли Лирдің өзін әскери адамдардың тобына көшбасшы деп ойламағанын айта кетеді. Балаша, тез ашуланатын және өркөкірек мінезі бола тұра Лир – өркениетті елде өмір сүремін деп ойлайтын өркениетті адам. Ол қорғаушыларына өзін жалғыз қалдыруға рұқсат ететін, қызметшілерінің күшін пайдалану ойына да кіріп шықпаған. Негізінде, Лир үшін рыцарлар тек оның мәртебесін көтеретін құндылық қана, бірақ олардың әскери күшін туыстарынан қорғану үшін пайдалануды көздемеген.

Пьесада әкеге деген құрмет символикалық сипат алған: Гонерилья әкесін өлтірмей тұрып-ақ, әкесінің өзі туралы ойын өзгертуге талпынады. Сол үшін ол әкесіне қарсы шығады, құрмет танытпайды.

Пьесада тәрбиеліліктің бұзылуы оқырманға бірден байқала қоймайды. Освальд патшаның бұйрығына қарамастан, тоқтамай жүре беріп, тек патшаны «менің әйелімнің әкесі» деп атағанда ғана оқырман таңғалып қалады. Освальдтың патша бұйрығын орындаудан бас тартуы Лирді мүлдем есеңгіретіп жібереді. Лир енді Ұлыбританияда суверен еместігін түсіну керек болады.



Әлеуметтік теңсіздіктер тұрғысынан алғанда, Кенттің іс-әрекеті ерекше назар аударуды қажет етеді. Патшаның жанында болса, Кент қашанда сыпайы, оның сөзін қалтқысыз орындайды. Ал Освальдтың жанында қатыгез, оның патшаға деген тәрбиесіздігін жақтырмайды. Корнуэлл Кентті кісендеуді бұйырады. Кент дворяндар дәстүрлі түрде қорғалатын мұндай жазаның өзіне қатысты қолданылғалы жатқанына сене алмайды. Кенттің бұл реакциясы, Освальдтің іс-әрекетіне деген реакциясы – оның аристократиялық құндылық пен аристократиялық өмірді әлі де болса ұстанатынын дәлелдейді. Освальдтың іс-әрекетіне қарсылық білдіруі – аристократтың «жаңа адамның» екіжүзділігіне, мақтаншақтығына қарсылық білдіруі: Кент үшін Освальдтың құны жоқ, «тігінші кескіндеген көбелек секілді».

Мәртебе мәселесі Глостерді «жазалаудан» да байқалады. Дворяндар қылмысы үшін тұтқынға алынып, сатқындығы үшін жазалануы мүмкін. Бірақ олар, Регананың сөзіне сүйенсек, ешқашан дарға асылып, көзі ойылып, жазаланбайтын. Глостердің көздерін ойып алуы – әрі адами тұрғыдан, әрі әлеуметтік тұрғыдан кімді болса да, шошытары хақ.

Ескі әлем өкілдерінің сырт киімін Шекспир жаңа, буржуазиялық әлемнің бейнесі ретінде сипаттайды.

Эдмунд, Глостердің некесіз ұлы, жаңа заман адамы – шынында оқырманға әсер етеді. Ол – әкесінің немқұрайлығының құрбаны. Глостер «тоғыз жыл бойы елден жырақ жүргенін, тағы да кететінін» асқан байсалдылықпен айтады. Бірақ жас жігіттің осы елде қалып, тағдыр шешті рөлін ойнағысы келетінін білмейді. Розали Коли Глостердің осы кішкентай балаға қарым-қатынасындағы немқұрайлық оқырманды патшаның некесіз ұлынан бас тартуы, одан ары Глостердің Эдгардан бас тартуының себебіне дайындайды.

Эдмунд болса, Розали Коли, Макиавелли айтқандай, «жаңа адамға» айналып, қалыпты құндылықтардан жаңашыл өзгерістерді көре біледі. Алғашында ол мұрагерлікке таласып жатқандай көрінеді, яғни некесіз ұл ретінде ол ағаларының жанында өз орнын иемденуге, әкесінің мұрагері деген атақ алуға талпынады. Содан кейін ол билікке талпына бастайды. Эдмунд – «жаңа адамның» бейнесін қатыгез етіп бейнелеген кейіпкер. Эдмунд – қоршаған ортаның қолдауынсыз-ақ, мәртебелі отбасында туылу құқығын емес, мүмкіндігін пайдалана білген керемет дарын иесі. Мәртебелі кісілерге құрмет көрсетпегенмен, өзі де сондай мәртебеге көтерілуді армандайды.

Інісі туралы аңқау ойына қарамастан, Эдгар – әлеуметтік тәжірибесі бар, жас тәрбиелі аристократ болып суреттеледі. Пьесаның соңында Эдгар осы қасиетінің арқасында патшалықты билей алатын жалғыз адам болып шығады.

Эдгар – өте тәрбиелі, аристократиялық кодекске қалтқысыз берілген. Сондықтан Эдмунд оны оп-оңай алдап соға алған. Эдгардың табиғаты оны тамаша рыцар етіп қалыптастырған.

Эдмунд мемлекеттік сатқындығы үшін тұтқынға алынып, өзін XVI ғасырдағы аристократиялық ортада қалыптасқан тәсілмен қорғай алуы керек болды. Осы кезде Эдмундқа үлкен ұл құқығын пайдалану ұсынылады. Ол өзінің кінәсін мойындайды, тағдыр әділетті шешім шығаратынына сенеді.

Гонерилья мен Реганның денелерінің жанында Корделия мен Лирдің денелері табылады. Бұл тұрғысында Розали Коли «Біздің көз алдымызда, Англиядағы ең танымал отбасы құрдымға кетті» деп жазады. Өлуді ешуақытта ойламаған Эдгар ғана елді билеу үшін тірі қалған. Солайша Бір династияның өмірі аяқталып, екінші династияның билігі басталды.

«Лир патшадағы» аристократиялық дағдарыс элементтері, айталық, үлкен ұл, қызметшілер, қызмет ету, билікті көрсету т.б. пьесада айқын суреттелген. Алайда әлеуметтік ортадағы басқа күрделі мәселелер олармен салыстырғанда, кішігірім секілді көрінген.

Лоуренс Стоун дворяндарға деген құрметтің жоғалуы – әлеуметтік өзгерістердің негізі деп қарайды. Шекспир бұл мәселені драмалық және символикалық тұрғыдан бағалаған. Пьеса әке билігінің құлдырауын сипаттайды деген тұжырым күлкі тудырады, сондықтан Лоуренс Стоун ағылшын қайта өркендеу дәуірін меңгеруге тырысты. Әкелер балаларына жасайтын билігін балаларының бақытына арнады. Ата-ана билігінің қысқаруы ұрпақтар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетіп көрсетумен байланысты. Лир патша билік жүргізген кезеңде өзінің мемлекеттік борышын орындаған, бірақ мемлекеттік биліктен кетуден ешқандай бақыт таба алмады. Шындығында, Лир зейнеткерлікке шығудан рақат табу керек деп ойлаған болуы керек.



Ескі ғұрыпты ұстанған аристократтар әдетте, істерді жүргізуде көнерген тәсілдерді пайдаланып келді. Жаңа сәнқой мырзалар өздерінің іс-амалдарын коммерциялық, іскерлік сипатта құра бастады.

Розали Коли, Гонерилья, Регана мен Эдмунд Глостердің басы үшін, сондай-ақ, Лир мен Корделияның өмірін ойша бағалаған болуы керектігін жазады. Бұл адамдар – билік үшін материалды құнды болып саналады. Олар осы тұлғаларды ақшамен бағалайды. Лир де осы тәсілді ұстанды: қыздарының бағасын өзі анықтап, патшалығын бөліп берді. Кейіпкерлер өздерінің және өзгелердің сезімдерін өздері өлшейді. Тіпті Корделия да әкесіне махаббатының жартысы оған, жартысы – күйеуіне арналғанын айтады. Глостер Кентке: «Эдгар Эдмундқа қарағанда, «оның есебі бойынша аса қымбат емес» – дейді. Мұрасын қыздарына инвестициялауы – бағаның құлдырағанын көрсетеді. Розали Коли қажеттілік өлшенуге келмейді, сол сияқты махаббатты, адалдықты, ақиқатты өлшеуге болмайтынын да алға тартады. Әлбетте, Лирге осы бір қатаң ережені үйренуі үшін біршама уақыт керек еді.

Шекспир Гонерилья, Регана мен Эдмундтың дұрыстығын, Лир мен Глостердің әлеуметтік растығын да жақсы түсінді. Оқырмандар ескі аристократтарды қаншалықты жақсы көріп тұрса да, олардың құндылықтарға деген көзқарасы тым жоғары болған. Әкелер өздерін қорғауда болады деп үміт етті. Пьеса ескі аристократиялық құндылықтардың әлсіреуін – тарихтағы күрделі кезеңнің басталғанын дәлелдеді. Жаңа әлем, жаңа әлеуметтік тап, жаңа мінез қалыптаса бастады.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. XVII ғасырдың басындағы қандай өзекті мәселелер Шекспирдің «Лир патша» пьесасында көрініс тапқан?
2. Аристократияның дағдарысқа ұшырауы қалай көрінген?

### Әдебиеттер:

StoneLawrence. The Anatomy of the Elizabethan Aristocracy. – Economic History Review. – 948. – Vol. 18. – № 1. – P. 1-53.